



КОНКУРС «Астана и Президент»

Айдарова Әйгерім,

Рудный әлеуметтік-гуманитарлық

колледжінің 1 курс студенті

Астана - әсем қала

«Астана бүгінгі еліміздің мақтанышына,
еліміздің көркіне айналып отыр»

Н.Ә. Назарбаев

Тарих парақтарына сүйенсек, еліміздің астаналарын көшіру көп орын алған екен. Қазақ елі егемендік алмас бұрын алғашында астанасы Орынбор, одан кейін Қызылорда, соңынан Алматы қаласы болғандығы белгілі. Ал бүгінгі Астана қаласы қазақ жерінің бірлігі мен татулығын, тірлігі мен тынысын тоғыстырып, жас та болса бас болып тұрған елордасына айналды.

Тәуелсіз мемлекетіміздің жаңа Астанасын қалыптастыру – тұңғыш Президентіміз Н.Ә. Назарбаевтың мемлекетті барынша нығайту және ғарышты дамыту жөніндегі саяси стратегиясының жемісі. Елорда – Елбасының төл перзенті. Астанамыз – Қазақстанның тәуелсіздігі мен егемендігін паш ететін орталық. Мұнда Қазақстан халқының ойы мен мүдделері, арманы мен мақсаттары іс жүзіне асырылады. Астана – отанымыздың жүрегі, тәуелсіздіктің тұғыры, ұлтымыздың ұраны, экономикалық және рухани өрлеуінің локомотиві.

Сағымы сұлудай билеген Сарыарқаның сайын даласын тіршілік нәрімен әрлендіріп, есіле аққан ерке Есілдің екі жағындағы жаңа Астана қаласының құрылыс жұмыстары қарқынды жүргізіліп келеді. Бой көтерген әрбір ғимарат сәулет өнерінің ең үздіктерінің бірден – бірегейі. Иә, Астана – үміт қаласы. Астана – асыл сезімнің ұясы. Еңсесін тік көтерген елордамыз арқылы елдің еңсесі тіктелді, рухы көтерілді.

Әлемдегі ең көне астана Дамаск болса, ең жаңасы – біздің Астанамыз!

Астанамыз сәулет өнерінің бар сәнін бойына жинақтай салынып жатыр. Ең шоқтығы биік, әрине, Ақорда тұңғыығы – «Бәйтерек». Бәйтерек – жаңа астанамыздың символы. Бәйтеректің архитектурасын Елбасымыздың өзі жасап берген болатын. Бұл күнде, сол Бәйтеректің басына шығу бар азаматтардың арманы екені рас.

Елбасымыз Н. Ә. Назарбаев: «Бүкіл еліміз елордамызды тұрғызып жатқан кезде Астана бүкіл елімізді дамытты». – дейді

Астана – бүкіл Қазақстан халқының мерейі мен мәртебесі.

Астана – Сарыарқа төсінде хас сұлудай сыланып, ажарланып, құлпырып барады. Күн сайын көз жауын алар ару шаһар бүгінде күллі әлемді өзіне қаратуда. Астана – елдің қайнары да, айбары да.

Елбасы Н. Назарбаев «Астана біздің Отанымыздың жүрегіне халықты біріктірген ұлттық идеяға айналды, ол халықтың өз күшімен ұлы мақсаттарына деген сенімінің символына айналды» дегеніндей, Астана – қазақ елінің бойтұмары, ұлттың тірегіне айналды.

Әлем өзгереді, оған қарап еліміз де, қаламыз да қалыс қалмай келеді.

Қазағым, елім! Бүгін сенің ұлттық намысыңды оятатын, жүрегіңе қуаныш ұялататын байтақ жерің бар, кең пейілді елің бар, Сарыарқа төсінде ХХ ғасыр ғажабына айналған арман қала – Астанаң бар.

Еңселі, ғажап Астананы көру әрбір адамның арманы деп ойлаймын. Мен де Астананы қызықтап, келбетіне таң қалған едім. Астанам ғажап қой, керемет!

Қазірде Қазақстанның Қостанай өңіріндегі кенді Рудный қаласында бақытты да, балғын студенттік дәуірім өтуде. Мұнда Ыбырай Алтынсарин атындағы Рудный әлеуметтік – гуманитарлық колледжінде білім алудамын. Ал болашақта журналист болсам, ел тірегі Елбасымен кездесіп, сұқбаттассам, деген үлкен арманым бар. Осы арманымды әсем Астана қаласымен ұштастырғым келеді.

Қорыта келе айтпағым, мен – тәуелсіз елдің перзентімін! Мұны мен мақтанышпен айта аламын. Енді тек қана алға қарай ұмтылуымыз керек. Елбасымыз айтқандай: «Әрқашан бірге, әрдайым алда болайық!». Астананың дамуы – еліміздің дамуы. Олай болса еліміздің дамуына әрқайсымыз үлес қосар болсақ, ол Астананың одан сайын ажарлана түсуіне, Елбасы мерейінің үстем бола беруіне ықпал етері сөзсіз.